



**РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ**

Асыл ұрпақ

# Өлмейтұғын ізі қалды артында

«Азамат, Ұстаз һәм Ғалым – Дәкен Шалабеков. Кісі келбетін осынау ұғымдар Дәкен дүниетанымын айқындайды. Құйрықты жұлдыздай ағып өткен Алаш арысы артына өлмейтұғын мұра қалдырды.»

Тірнектеп жинаған мұрағаттары диссертация болып қорғалды, кітап болып жазылды». Зейнолла Қари

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атақты жерлесіміз, белгілі әдебиет зерттеушісі, филология

ховка (қазіргі Қантай) ауылында мектеп ашып, оны іргелі оқу орнына айналдыруға айрықша еңбек сіңірді.



Д.Шалабекұлы 1951 жылы Қазақ ҚСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтына қызметке қабылданады. Академияда қызмет етіп жүрген кезінде Қарағандыда ғылыми іссапармен көп болады. Академияның Қарағанды кенші ақындарының фольклорын жинау үшін ұйымдастырған экспедициясын бірнеше рет басқарады.

Ол: Хасен Манкин, Глияс Манкин, Тәжи Айнатасов, Көлзақ Аманкелдин, Кеншібай Мұстафин, Көшен Елеуов сияқты кенші ақындардың жырларын жазып алып, жинақтаған. Сондай-ақ, Қарағанды кеншілерінің ерлік еңбегін жырлаған жерлес ақынымыз - Қайып Айнабековтың «Құтты болсын мерекен» атты өлеңін жазып алған. Өлең 1948 жылы шахтерлер тойына

ғылымдарының кандидаты болған Дәкен Шалабекұлының 95 жылдығына арналған «Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары» атты кездесу орталық кітапхананың жазғы оқу залында өткізілді. Мақсаты - оқырмандарды жерлесіміздің өмір жолымен, әдеби еңбегімен таныстыру.

Дәкен Шалабекұлы 1922 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының «Балықтыкөл» ауылында Нашарбек қыстауы деген жерде орта шаруаның отбасында туған.

Ауылда сауатсыздар мектебінен сауат танып, 1929-1933 жылдары бастауыш мектептің 4-ші сыныбын бітірген. 1933-1934 оқу жылында Захаровка 7 жылдық мектебін, содан кейін Казгородок қазақ орта мектебін тәмамдайды.

1945 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет факультетіне түсіп, оны 1948 жылы бітіріп шығады. Сол жылдан бастап Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы №7 мектеп пен Михайловкадағы №2 қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ береді.

Д.Шалабекұлының облыстағы білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі үлкен. Ол - Нұра ауданындағы қазақ мектептерінің іргетасын қалаушылардың бірі. Пла-

арналған.

Нәтижесінде, Дәкеннің ғылыми ұстазы болған қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Өуезовтің ықпал етуімен, 1961 жылы «Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары» атты жинақ жарыққа шығады.

«Жинақтың аса бір құндылығы – мұнда бір-біріне қарама-қарсы екі өмірдің сипаты бар. Бірі - азапты еңбекпен езілген, қуанышы жоқ, қайғы-қасіреті мол, ұсқынсыз, түнекті өмір, екіншісі – азат еңбектің қуанышты лебі, еркін де епкілді тынысы, азат адамның асқақ та айбынды көрінетін өмірдің көңіл сергіткі, көз қуантарлық сипаты. Азаттық өмір үшін күрес» (Ж.Өмірбеков).

Облыстық білім беру саласында өзіндік із қалдырған Дәкен Шалабекұлы ауыр науқастан 1958 жылы небары 37 жас мүшелінде дүниеден қайтты. Оның есімі 1998 жылы іргетасын өзі қалаған Қантай ауылының мектебіне берілді.

Құрметті оқырмандар! Сіздерді кітапханамызға келіп, Дәкен Шалабекұлының еңбегімен танысуға шақырамыз!

**С.Мұстафина**  
Орталық кітапхана секторының меңгерушісі